

Конкурсқа қатысуға өтініш

Мен,

_____ ,
(аты-жөні толығымен)

жеке куәлік № _____ ,

_____ берілген,
«Тукулов және Кассильгов Литигейшн» ЖШС (әрі қарай – «Компания») ұйымдастырған жоғары оқу орынында 2021-2022 жж. заң мамандықтары бойынша оқитын студенттерге/талапкерлерге арналған стипендияға (әрі қарай – «Конкурс») үміткер болып табыламын.

1. Дербес деректерді өңдеуге келісім

Конкурсқа қатысу үшін мен Компанияның веб-сайтында (www.tkl.kz) жарияланған және мен таныс болған Конкурс өткізу ережелеріне сәйкес өзімнің дербес деректерімді Компанияға беремін.

Компанияға беретін дербес деректерге менің атым, тегім, әкемнің аты, тұрғылықты жерім туралы деректер, отбасы құрамы туралы деректер, отбасының материалдық жағдайы және мемлекеттік, мемлекеттік емес көмек алу туралы деректер, оқу орным туралы деректер, алған марапаттар, сыйақылар туралы деректер, оқуым туралы ақпарат, оқу орнымдағы үлгерім туралы ақпарат, сондай-ақ конкурсқа қатысу үшін немесе Компания маған стипендия тағайындаған жағдайда талап етілуі мүмкін деректер жатады.

Мен осымен Компанияға дербес деректерімді төменде көрсетілген мақсаттарда және тәсілдермен өңдеуге келісім беремін. Компания Стипендиаттарды айқындау, стипендия төлеу (Конкурста жеңіске жеткен жағдайда), сондай-ақ Стипендиаттың Конкурс шарттарының орындалуын тексеруді қоса алғанда, Конкурс өткізу мақсаттары үшін менің дербес деректерімді жинайды және өңдейді.

Компания дербес деректерді жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, иесіздендіру, бұғаттау және жою жолымен пайдалануға құқылы. Компания менің дербес деректерімді Компанияға Конкурсты өткізуге үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Компанияға техникалық қызмет көрсететін тұлғаларға (хостинг қызметтерін жеткізушілерді қоса, бірақ олармен шектелмей) беруге құқылы. Осы келісім оған қол қойылған

сәттен бастап күшіне енеді және 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

2. Арбитраж туралы ереже

Конкурстан немесе оған байланысты, оның шарттарынан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер, оның жарамдылығы, күшін жою туралы даулар, сондай-ақ өзге де ілеспе даулар Қазақстан халықаралық төрелігінің (Казакхстанский международный арбитраж) қарауына жатады.

3. Наразылықтардан бас тарту

Конкурсқа қатысуға өтініш бере отырып, Үміткер конкурс өткізуге байланысты Стипендия тағайындаушыға немесе үшінші тұлғаларға қандай да бір наразылықтары болмайтындығымен келіседі және Үміткер ондай барлық талаптардан бас тартады. Үміткер www.tkl.kz веб-сайтында жарияланған Конкурс шарттарымен толық таныс (олардың кейінгі өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып), сонымен қатар олармен толық келіседі.

4. Есімі мен суретін пайдалану

Оған Стипендия тағайындалған жағдайда, Үміткер өзінің суретін пайдалануға, сондай-ақ оның есімін Компания сайтында және Конкурстың өзге де есептік материалдарында жария етуге келіседі.

(қолы)

(аты-жөні)